

" Аяла" санаторлық бөбекжайы" КММ-сі



Берілгені:

"Аяла" санаторлық  
бөбекжайы" КММ-нің

директоры *А.О. Өмірзақ*

"Сұңқар" МАД тобы

# Ертеңгілік

Тақырыбы:

## "АЛТЫН КҮЗ"

Саз жетекшісі: Тукмирзоева Г  
Тәрбиеші : Тазабекова А

2023-2024 оқу жылы



## Алтын күз

**Мақсаты:** Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген.

**Жүргізуші:** Қуандырып біздерді,  
Мерекелі күз келді.  
Кел жемісті алтын күз,  
Кемелденсін ел енді.

Құрметті қонақтар! Балалар «Алтын күз» мерекесіне қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын!

Ендеше, «Алтын күз»-атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ортаға «Сұңқар» тобының балалары «Күзгі жапырақтар» биімен қарсы алыңыздар.

**Балалардың тақпақтары:**

**Ән:** хор «Күз»

Музыка ойналып «Күз ханшайымы» кіреді.

**Жүргізуші:** Балалар бізге сонау алыстан «Күз ханшайымы» келіпті

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдерме балалар, сәлеметсіздерме қонақтар.

**Балалар:** Сәлеметсізбе!

**Күз ханшайымы:** Уа халайық, дархан далам армысың!

Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін

Ханшайым күз келіп тұр

Алмақ болып бар халақымның алғысын.

Мен күзгі ханшайыммын. Мен сендерге сонау алыстан, «Сұңқар» тобына арнайы келдім, маған өнерлеріңді көрсетесіңдерме?

**Балалардың жауабы:** Иә көрсетеміз

**Жүргізуші:** Қош келдің Күз ханшайымы! Төрлет, біздің балалар әнде, тақпақта, биде билей алады. Біздің балалар барлығы ақылды.

**Күз ханшайымы:** Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын,

1. Ағайынды бәрі

Шықса жасыл,

Түссе сары

Бұл не балалар?

**Балалардың жауабы:** Жапырақ

**Күз ханшайымы:** 2. Жауып жаңбыр,

Жер сабыр,

Шөп, жапырақ солады

Бұл қай кезде болады?

**Балалардың жауабы:** Күзде

**Күз ханшайымы:** 3. Тырс –тырс тамады,

Сайға қарай ағады.

**Балалардың жауабы:** Жаңбыр

**Күз ханшайымы:** Жарайсындар балалар барлық жұмбақтың шешімін дұрыс таптындар. Рахмет сендерге.

**Жүргізуші:** Би «Жаңбыр тамшылары»

Залға секіріп «Батпақ қыз» кіреді:

**Батпақ қыз:** Тамаша-тамаша, күй жаңбыр күй балаларды көріп тоқтай қалады да мұнда не болып жатыр, не істеп жүрсіндер кетіндер, кетіндер әйтпесе үстеріңе батпағымды шашамын, (қолын көтеріп шашпақшы болды).

**Жүргізуші:** Балалар мынау кім болды? Бізді көріп ашуланып қалды ғой ..

**Балалардың жауабы:** Танымадық

**Батпақ:** Таңдана қарап мені танымайсыңдарма, мен Батпақпын. Мен жаңбырдан кейін бүкіл жолда шалқайып жатамын. Сендердің аяқ киімдеріңе жабысамын.

**Жүргізуші:** Батпақ қызды айналып. Балалар жаңбырдан соң жолда не болады ?

Сауал қою арқылы батпақ қыздың кім қандай екенін айтып беру.

**Батпақ қыз:** Екі қолын беліне таянып, иә-иә бұл мен, Батпақ қызбын. (кір қолымен балаларды ұстағысы келеді).

**Жүргізуші:** оны тоқтатып Батпақ қыз неге қолың кір? Балалар кір қолмен жүруге болама?

**Балалардың жауабы:** Жооқ, жүруге болмайды

**Ән:** хор «Күзгі вальс»

Балалардың тақпақтары

**Батпақ қыз:** Желкесінен ұстап А-а-а мұнтаздай таза болып жүру үшін не керек?

**Жүргізуші:** Қамықпа Батпақ қыз, балалар келіндер «Керек затты тап» деген ойын ойнайық.

**Ойын шарты:** Балалар үстел үстіндегі заттар арасынан тек тазалыққа керек заттарды алуларың қажет.

**Батпақ қыз:** Қуанып мұнда не болып жатқанын енді түсіндім. Сендер тап-таза әдемі көйлек киіп алғансыңдар .

**Жүргізуші:** Ия батпақ қыз бізде «Алтын күз» мерекесі болып жатыр. Сен бізбен бірге біздің балаларымыздың өнерін тамашалап, бізбен бірге мерекені тойлайық. Бізге қонаққа Күз ханшайымы келген еді, өзімен бірге ата-аналармен ойын ойнамақшы

**Ойын «Қолшатыр»**

**Ойынның шарты:** Музыка әуенімен шеңбер бойымен билейміз, музыка тоқтағанда қолшатырды алып үлгеру керек. Қолшатыр жетпей қалған ата-ана ойыннан шығарылады.

**Би:** «Күзгі вальс»

Балалардың тақпақтары

Күз ханшайымға Батпақ қыз сыбырлайды;

**Күз ханшайымы:** рас па, кәне көрін. Балалар мына батпақ қыз сендерді маған қоймай мақтап жатыр. Өздері әдемі, өздері өнерлі ақылды, - дейді.

**Жүргізуші:** Батпақ қыз дұрыс айтады.

**Күз ханшайымы:** Тамаша, керемет мен сендерге қатты риза болып отырмын. Сендерге рахмет маған өз сарайыма қайтатын уақыт келді. Ал мынау менің сыйым; - деп алма таратады.

**Күз ханшайымы** қоштасып шығып кетеді.

**Батпақ қыр:** Балалар Күз ханшайыммен бірге менде кетейін, сендерден көп нәрсе үйрендім, әсіресе тазалықты. Сендерге рахмет! Сау болыңдар балалар.

**Жүргізуші:** Осымен, «Алтын күз» мерекесіне арналған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті.

Тамашалағандарыңызға рахмет.

